

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 27 желтоқсан

Зейнетақыңызды дер кезінде рәсімдеңіз

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (*бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор*) жалпыға белгіленген зейнет жасына толған адамдардың (*ерлер 63 жасқа толғанда, әйелдер биыл 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін 59 жасқа, ал 2020 жылдың 1 қаңтарынан – 59,5 жасқа толғанда*), I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандардың Қордан міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан құралған жинақтары есебінен арнайы кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екендігін тағы да еске салады.

Айта кетелік, 2018 жылдың қазан айынан бастап мемлекеттік зейнетақылар мен БЖЗҚ төлемдерін рәсімдеу үшін бірыңғай өтініш пен құжаттар топтамасын «Бір терезе» қағидаты бойынша ұсынуды жүзеге асыру мақсатында Композиттік қызмет енгізілген болатын. Осылайша зейнет жасына толған азаматтар Қор төлемдерін рәсімдеу үшін жергілікті Халыққа қызмет көрсету орталығына, ал I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар Қордың өз кеңсесіне немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы бар болса, Қор сайты арқылы өтініш береді. Зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап тағайындалады және жинақталған қаражат таусылғанша жүзеге асырылады. Бұл ретте өтініш пен құжаттар топтамасын Халыққа қызмет көрсету орталығына (*яғни, зейнет жасына толуга*) 10 күн қалғанда беруге болатындығын айта кеткен жөн.

Алушы Қор төлемдерін рәсімдеу үшін өтінішпен қатар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі мен салыстыру үшін түпнұсқасын, сондай-ақ банк шоты туралы мәлімет ұсынады. Оның осы шотына Қор төлемдері мен мемлекеттік зейнетақылар ай сайын бір мезетте түсіп тұрады.

Қордан зейнетақы жинақтарын біржолғы төлем ретінде де алуға болады. Бірақ біржолғы төлем зейнетақы жинақтарының көлеміне байланысты жүзеге асырылады. Егер зейнеткер өтініш берген күні оның шотындағы жинақтардың сомасы ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса, бұл сома алушыға бір рет толығымен төленеді. Биыл (*2019 жылы*) ең төменгі зейнетақының көлемі: 36 108 теңге. Сәйкесінше оның 12 еселенген мөлшері: 433 296 теңге.

«БЖЗҚ» АҚ зейнеткерлік жасқа толған және зейнетақы жинақтары бар азаматтарға Қордан зейнетақы төлемдерін алу қажеттілігі туралы үнемі хабарлап тұрады. Бірақ соған қарамастан қазіргі уақытта зейнет жасына толған 200 мыңнан астам адам әлі күнге дейін БЖЗҚ-ға келіп өтініш жасамаған.

Дейтұрғанмен БЖЗҚ биыл жалпы сомасы 134 миллиард теңгеге 1,4 миллиондай төлемді жүзеге асырды. Оның ішінде белгіленген кесте бойынша ғана емес, зейнет жасына толуга байланысты біржолғы төлемдер, сондай-ақ мүгедектікке, жерлеуге, мұрагерлікке және шетелге тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер де бар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ-ның баспасөз орталығы

